



Мерекелік тілекпен, мектеп директоры
Мункеева Гүлмира Бақытбекқызы

Құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз - жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам – береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелтер ұлы мереке.

Өткен жылан жымы біздің білім ордамыз үшін берекелі де табысты жыл болды. Кең сарайдай мектебіміз өз оқушыларына есігін айқара ашты, кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша шәкірттерге білім беріліп, көптеген оқушыларымыз бен мұғалімдеріміз шет мемлекеттерде біліктіліктерін арттырып қайтты. Осының барлығы - қоғамымыздағы ынтымақ мен бірліктің, бейбітшілік мен түсіністіктің арқасы деп білемін.

Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Әз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын. Ақ мол болып, жылқы жылы ырыс әкелсін!

НАУРЫЗ ПАРАСАТЫ Мұхтар Шаханов

Айналаңнан жаңа көктем лебі ескен,
Бұл кезеңде күн менен түн теңескен.
Сан ғасырлық ата-баба салтына
Көпір болған Наурыз өзің емес пе ең?!

Таулы, таусыз жерімнің,
Өзен, теңіз көлімнің
Жаса ұлы Наурызы
Жаңа жылы елімнің,
Қуат жиса пәктігін,
Асқақтайды шоқтығын,
Тамыр алмай тарихтан
Мазмұнданбас шаттығын.

Жүріп жатыр ерлік, ездік жарысы,
Наурыз нағыз сәулелі ойлар қонысы.
Наурыз сайын ағаш егу, гүл егу
Әр адамның табиғаттық борышы.

Наурыз паркы – өз санаңды өсіру
Пенделікті ізгілікке көшіру.
Өткен жылы өкпелесен біреуге
Сол өкпенді дархандықпен кешіру.

БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

«Болашаққа біліммен қадам басып, лайықты қолтаңбамызды қалдырайық. Ұрпаққа ұялмай тарту ететін мұрамыз да, мұрағатымыз да осы болсын» - деген болатын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде. Міне, осындай ұранмен 22 ақпан күні Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Бо-



лашаққа қадам» II Республикалық ғылым Фестивалінің мектепшілік іріктеу кезеңі өтті. Фестивальға қатысуға өтініш берген 56 талапкердің 18-інің жұмысы іріктеу кезеңіне жолдама алды. Фестивальдың мақсаты оқушылардың зерттеу жұмыстарына деген қабілеті мен ынтасын ескере отырып, ғылыми ізені әлеуетін көтеру болды.

Жас ғалымдардың ғылыми зерттеулері түрлі бағытта өрбіді. 11-сынып оқушылары Мақсат Нұржаусын мен



Мүсілім Мейіржанның бірлескен жобасында Қызылорда қаласының тұрмыстық қалдықтарын өндіріске жарату жолдары ұсынылса, білімпаздар сайысына бір емес екі жұмысын алып келген 11«Е» сынып оқушысы Даркулов Нариманның «Трансформаторлардағы электромагниттік үдерістерді математикалық модельдеу» тақырыбындағы зерттеуінде автор оның алгоритмі мен бағдарламасын өңдеп шығарған. Ал «Жоғарғы сапалы сәулелендіру жағдайында күрделі эфирді алу тәсілдері» тақырыбындағы екінші зерттеуін ол өзінің сыныптасы Сим Александра екеуі бірге қорғады.

Құрамы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің ғалым-оқытушыларынан жасақталған әділ-қазылар алқасы мүшелерінің назарын аударған тағы бір жұмыс - 9 «D» сынып оқушысы Кәрібоз Ақгүлдің

«Қатира Жәленованың поэзиясының көркемдік ерекшелігі, өлеңдеріндегі авторлық төлтума эпитеттер» тақырыбындағы жоба. Оқушы жерлес ақын Қатира Жәленова өлеңдеріндегі метафоралық эпитеттердің қолданылуын әдеби-теориялық тұрғыдан сауатты талдай отырып, балалар тақырыбындағы поэзиясынан және қалың көпшілікке танылған «Аяла мені», «Жылайды жапырақ» әндері мәтінінің авторы екендігінен хабардар етті. Баяндамасының соңында ақынның балаларға арналған өлеңдерін бастауыш сынып оқушыларының «Ана тілі» оқулығына енгізу жөнінде ұсыныс жаса-



ды. 11 «D» сынып оқушысы Әбдіраман Айзат «Тригонометриялық теңсіздіктерді бірлік шеңбер әдісімен шешу» тақырыбындағы жұмысы математиканы оқыту әдістемесіне қосылған тың жаңалық десе де болады. 11 «B» сынып оқушысы Ықтияров

Аяз «Ұлы даланың көне шаңары - Сауран» тақырыбындағы ғылыми баяндамасында туған өлкеміздегі туризмді дамытудың мол мүмкіндіктерін саралап өтті. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша үздік деп танылған 15 жұмыс стенд қорғау кезеңіне өтті.

Аса ірі ғалымдар Н.Бор, В.Гейзенберг: «Ғылымды тек ақиқат ендіретін кәсіпорын» - деп қарау қате, оны қоғамдық байланыстарға кеңінен қосу керек» деп санаған екен. Бір қуанарлығы - әрбір жас жеткіншек өзінің зерттеу жұмысындағы ұсыныстарын қоғамның дамуына қосылған үлес деп санайды, өндіріске ендіруді қалайды. Демек, ғылым деген сарқылмас қазына әрбір жастың бойында адам игілігі үшін орын алған.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жүнісов Досан

Неделя русского языка и литературы «Язык, объединивший народы...»

Современная школа - центр воспитания успешной личности. Предметные недели во многом способствуют развитию творческих интересов ученика, расширяют его кругозор, позволяя порой по-новому взглянуть на знакомый предмет. Кроме того предметная неделя - это прекрасная возможность для ученика заявить о себе и даже определить свой дальнейший профиль обучения. В воспитательном плане - это возможность сотворчества, сотрудничества ученика и педагога.

Уроки русского языка и литературы, а также и внеурочная деятельность, призваны учить добру, истине, красоте и любви. Разные методы и формы работы помогают раскрывать творческие способности детей, будить в них потребность саморазвития и самопознания, приближать их к новому витку мышления, к выполнению исследовательских заданий, творческих работ. А ведь каждый ученик - кладезь возможностей и талантов.

Задачи предметной Недели русского языка и литературы:

- Воспитание у учащихся бережного отношения к языку;
- Развитие интереса к глубокому изучению русского языка и литературы, как на уроках, так и во внеурочное время;
- Развитие творческих способностей учащихся на уроках нестандартной формы и внеклассных мероприятий;
- Развитие коммуникабельных навыков между учениками.

1 день. Открытие Недели русского языка и литературы.



Постановка танца «На лавочке» в исполнении танцевальной группы «Golden dance».



Иностранные учителя нашей школы проявляют особый интерес к русскому языку. В их исполнении прозвучала на русском языке песня «Подмосковные вечера».

2 день. День «открытых дверей»: Учителя-предметники давали уроки, интегрированные с предметами экологии, географии, химии, с применением английского и казахского языков. Данный вид урока требует сочетания разнообразных видов человеческой деятельности (мыслительной, речевой, коммуникативной, деятельности научного и художественно-эстетического характера), что должно способствовать развитию творческой личности, памяти, речи, обогащению эмоционального мира учащихся. На интегрированных уроках сведения разных наук и искусств не только дополняют друг друга, но и составляют определенный сплав, необходимый для восприятия учащимися предмета изучения в целом.



3 день. Ученики 7 «Е» класса представили зрителям Арт-постановку знаменитой философской притчи «Чайка по имени Джонатан Ливингстон» о говорящей чайке, стремившейся к свободе и совершенству. Повесть-притча принадлежит перу современного американского писателя и летчика Ричарда Баха, которая получила широкое признание во всем мире и любима читателями всех возрастов.



4 день. Ученики 9 классов представили театральную постановку по комедии Грибоедова А.С. «Горе от ума». Еще А. А. Бестужев в статье «Взгляд на русскую словесность в течение 1824 и начале 1825 годов» назвал комедию Грибоедова «феноменом», какого не видали со времен фонвизинского «Недоросля». Достоинство ее он находит в уме и остроумии Грибоедова, в том, что «автор не по правилам нравится», смело и резко рисует толпу характеров, живую картину московских нравов, употребляя «невиданную доселе беглость» «разговорного русского языка в стихах». Бестужев пророчил, что «будущее оценит сию комедию и поставит ее в число первых творений народных».



5 день. Вечер поэзии классиков мировой литературы от Шекспира до современности «Прекрасное мгновенье жизни». 11 классы.



*Любовь – не кукла жалкая в руках
У времени, стирающего розы.
На пламенных устах и на щеках,
Не страшны ей времени угрозы.
А если я не прав и лжет мой стих
То нет любви и нет стихов моих!*

Шекспир, сонет 16

6 день. Завершается Неделя итоговым музыкально-литературным проектом старшеклассников «Чтобы помнили», посвященный памяти поэта, актера, барда Владимира Высоцкого.



Учащиеся заинтересованы в подготовке и проведении таких праздников, так как у них появляется шанс показать свои музыкальные, актёрские, ораторские, танцевальные способности. Подбирая материал, дети учатся свободно ориентироваться в библиотечном фонде, работать с источниками, возможностями Интернет-ресурсов. Кроме того, участие в проекте помогает больше узнать о профессиях художника-оформителя, режиссёра, сценариста. Это важно в условиях перехода на профильное обучение. В таких мероприятиях принимает участие большое количество учащихся, особенно бывают активны те, кто не всегда может проявить себя на уроках.

В итоге хочется сказать, что проведение предметной Недели очень оживляет нашу школьную жизнь. Цель таких Недель – повысить интерес учащихся к предмету и выявить особо талантливых и одаренных, с которыми учителя продолжают работу, готовя их к районным и городским олимпиадам и конкурсам по предмету.

Методическое объединение учителей
русского языка и литературы
Руководитель Омарханова А.К.

Everything was just WOW!!!! English week in NIS, Kyzylorda.

From February 24 to March 1, 2014 in the NIS, Kyzylorda was held the English Week «English. World. Future.»

All events were held under the same slogan « Second language - second soul » and helped to popularize the English formation of multicultural environment, the development of language skills, foster a culture of communication, the need for the practical use of a foreign language, broaden their outlook and cognitive activity of students in the school.

Each weekday remembered various events in which the children were able to demonstrate their knowledge, talent and creativity fuse. Teachers also did not stay aside. With enthusiasm and inspiration they participated in interactive games at recess, solved crossword puzzles and answered the quiz questions!

The opening ceremony of the week by welcoming the principal Munkeeva Gulmira Bakytbekovna and «congratulations» of the Queen of England set the tone for the entire week.

Meeting pupils of 11 classes, and foreign experts from the UK, USA, South Africa and Kenya, at a press conference «We ARE The World» turned into a real dialogue of cultures. Students showed a genuine interest in the speech of the teachers.

Competition «Earth Laughs in Flowers» was a harbinger of Spring. If Young talents pleased 7 classes for its unique floral arrangements, teachers had to compete in the knowledge of the English language about the world of flowers.

«Future Leaders of NIS» showed their intellectual and inventive ability, «fighting» over the tricky questions in English. Students of the 7th grades pleased the audience with recitations of poems by British and American poets.

What a week without music and songs? Students had fun singing Karaoke, orchestrated songs.



The actors of the school drama club presented to the audience their staging of the great playwright William Shakespeare. «The Merchant of Venice». Their performance was interrupted by applause, perhaps our stars may match for the professional theater actors.

Throughout the week, students lived in anticipation of the next miracle. Particularly they remembered the unusual competition «Arm Wrestling», where they fought not only in the strength, but also in the mind. With equal interest they performed tasks «Invisible Clues».

In «WOW» poster presentation competition 8th grade students gave their own interpretation of the week title. Imagination of the students knew no bounds!

English Department teachers conducted demonstrative

lessons with the use of new educational technologies, and received a positive assessment by the administration and their colleagues.

Closing ceremony «NIS Awards» show was the logical culmination of the week. It was held in the form of non-traditional style. The most active students in the role of the international pop stars were awarded.

The most important result of the week was that the students are now in every lesson tell us, the teachers and their classmates: «Only English, please!» This means that the methodical association of teachers of English language reached their goals.

English teachers
Issabekova Gulnar,
Serikbayeva Zhadyra

«Адамзаттың асылы сен, анашым!». Неделя, посвященная мамам

В Назарбаев Интеллектуальной школе химико-биологического направления г.Кызылорда под руководством кураторов была проведена Неделя «Адамзаттың асылы сен, анашым!», посвященная празднику весны. Неделя была насыщена различными конкурсами и мероприятиями.

Праздничная неделя началась с показа поздравительных презентаций «Әлем өздеріңмен әдемі», которые подготовили мальчики для своих одноклассниц, учительниц, мам и бабушек.

Во второй день была организована фотовыставка «Әрқашан өзіңмен бірге», где юные фотографы представили свои работы, запечатлив самые интересные моменты семейной и школьной жизни.

Юные поэты проявили себя в конкурсе «Үздік ұйқас». Во время поэтического конкурса «Ару ғұмыр» звучали прекрасные стихи, посвященные всем ученицам и учителям школы.

Девочки принимали активное участие в конкурсе «Қыз еркем шашымен көркем», где они демонстрировали оригинально заплетенные косы.

Посетители выставки прикладного искусства «Ең әдемі қолөнер» могли полюбоваться красотой изделий, сделанных самими учениками из различных материалов: бумаги, дерева, разноцветных стекол, окрашенной шерсти.

Праздничная неделя завершилась музыкальным концертом, на который получили приглашение мамы всех учащихся школы. Дети, занимающиеся в кружке по вокалу ис-



полняли песни на казахском, русском и английском языках. Учащиеся, обучающиеся на кружковых занятиях игре на фортепиано и скрипке, исполнили композицию «Yesterday» и «Слезы дождя». Домбристы выступили с попурри известных кюев. Ребята, занимающиеся в школьной хореографической студии, показали зрителям зажигательные народные и современные танцы, классический вальс.

Гости концертного вечера получили неизгладимое впечатление и выразили слова благодарности школе за то, что, наряду с обучением, уделяется огромное внимание приобретению детей к миру искусства.

Куратор Оразбаев Талант

Арқаларға арнау

Аналар - мейрамыңыз құтты болсын,
Әрдайым құшағыңыз гүлге толсын!
Ұйытқысы бола білген нағыз ердің,
Отбасына береке, бақыт толсын!

Әжелер бар қашанда тәтті сөзі,
Немере деп жәудіретер ылғи көзі.
Ден сау болып әрқашан жүрсеңіздер,
Бізге жетер, әрине, соның өзі.

Апалар бар іні деген жүрегі,
Жезделердің арқа сүйер тірегі.
Жиендердің көріп Сіздер қызығын,
Жүз жасаңдар дейді бауыр жүрегі.

Қарындастар еркелеп «аға» деген,
Арқа сүйеп біздерге жаға деген.
Күлімдеген жүздерді көрейікші,
Қуаныштан шығарып біздер өлең.

Әліппені үйреткен жалықпастан,
Ғылымдарға жетелеп асықпастан.
Апайлар еңбегіңіз еш өлшеусіз,
Тұлғалық дәнін сепкен әуел бастан.

Айналған мақтанына барлық елдің,
Жолдасы бола білген нағыз ердің.
Өмірде адал жардың орны бөлек,
Бағасын білетұғын маңдай тердің.

Сәлем салар иіліп көрген кезде,
Дастарханды жайнатар сәнмен тезде.
Келтірет әр уақытта үй шырайын,
Келін де ана болар жетер кезге.

Бақытты болар әке қызыменен,
Тәтті үні елжіретер «әке» деген.
Қимастықпен ұзатар келін бол деп,
Бауыр етін, қызығын мәпелеген.

Мереке нәзік жандар құтты болсын,
Әрдайым жасап жатқан ісің оңсын.
Көктемдей мәңгі жасап жүріңіздер,
Бақыт құсы баршаға мәңгі қонсын!

О, Әйелдер!

О, әйелдер, мықтысың-ау, мықтысың!
Маңдайыңа таңылады түрлі сын.
Сол бір сыннан сүрінбестен өтсеңіз
Ел алдында сыйлы болып жүрерсің!

«Әйел» деген үйдің көркі білсеңіз,
«Әйел» деген бастың бөркі сенсеңіз.
Әйелменен шешіледі барлық іс
Дегеніме құлақ асып сеніңіз!

Әйел-Жарын, әйел-Анаң, әйел-Қыз
Берекеміз келмейді ғой әйелсіз!
Көктемнің алғашқы айын мейрамы деп
Бекерге қоймаған ғой ел-жұртымыз!

Әйелдің назы қатты біле білсең,
Әйелдің жаны тәтті сезе білсең.
Қуанта біл әйелді бар ниетпен
Жақсылық пен жолыңыз болсын десең!

Биология пәні мұғалімі
Смағұлова Жазира

Математика пәнінің мұғалімі
Сапарбаев Жасұлан Тілеубайұлы

ЗЕЛЕНАЯ АКЦИЯ

В Назарбаев Интеллектуальной школе химико-биологического направления стартовала «Зеленая акция». В течение всего месяца коллектив, в свободное от занятий время, будет заниматься озеленением и благоустройством участка. Причем, сажать здесь решили не простые деревья, а хвойные и декоративные растения.

Первый этап «Зеленой акции» уже стартовал. Коллектив «Назарбаев Интеллектуальной школы» приступил к посадке елок, елей и других хвойных деревьев рядом со школой. Для начала учителя вместе со школьниками подготовили землю и сделали прополки для рассады. *«Я считаю своим долгом посадить на территории школы хоть одно дерево. Если Я даже не успею увидеть как оно выросло, любоваться всей этой красотой смогут наши предшественники»*, - рассказывает один из активистов школы **Кожамет Абдугаппаров**.



Территория школы очень большая. Почти 6 гектаров земли. Тщательно изучив весь ландшафтный дизайн, юные садоводы - любители во главе с руководством школы, пришли к единому мнению. Вокруг школы разместят сосны, елки и ели. У входа сделают цветник. Розы, декоративные деревья и кустарники будут украшать переднюю часть учебного заведения. По словам заместителя директора по научно-методической работе **Дарихи Мунарбаевой**, всего в ходе «Зеленой акции» планируется посадить около ста саженцев. *«В наших целях не*



только озеленить и приукрасить территорию школы, но и создать благоприятные условия для учащихся. Изучая виды различных растений, ученики должны иметь и наглядное представление. Они будут учиться правилам посадки и уходом за комнатными и садовыми цветами, декоративными растениями и кустарниками. Это будет, своего рода, экспериментальная площадка. Ребята смогут проводить здесь полевые опыты для научных проектов. Также будем прививать любовь к природе и воспитывать трудолюбие», - пояснила в своем интервью **Дариха Абсамаганова**.

Коллекцию растений коллектив намерен пополнять каждый год. На территории школы будут высаживать как однолетние, так и многолетние растения. Украсят двор тюльпаны, гладиолусы, ромашки и бегония. На фоне цветущих клумб появятся и малые архитектурные формы. Уже сейчас специалисты разрабатывают идеи конструкций для декоративного оформления.



ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕТІ ЕЛЕҢДІ

Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары республикалық ғылыми жұмыстар мен шығармалар байқауында жеңімпаз атанды.



Алик Ахметов - Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8-сынып оқушысы. Жас болса да мектептің берген мүмкіндіктерін пайдаланып, барлық бос уақытын ғылымға арнайды. Білімге деген қызығушылығының арқасы болар, Алик республикалық бәйгеде топ жарды. Колледж студенттері мен мектеп оқушылары арасынан Аликтің шығармасы ерекшеленіп, 1 – орынға лайықты деп танылды. Жобаның тақырыбы «Балықтан чучело жасаудың тиімді жолдары». Гипстен бөлек жас ғалым биология сабағында пайдалануға болатын әдістемелік құралдарды ағаш немесе күріш секілді материалдармен толтырудың тиімділігін зерттеді. *«Ғылыммен айналысқаным көп уақыт болған жоқ. Десек те, өзімнің зерттеген жұмыстарымды бүкіл елге танытуға әзірмін. Әділ қазылар тиісінше бағаларын берді. Алдағы уақытта осы жұмыстарымды одан әрі жандандырсам деймін»*, - деп

ағынан жарылды байқау жеңімпазы бізге берген сұхбатында.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ғылымдағы жетістіктерін саралайтын байқау Астана қаласында өткен болатын. Оған жер-жерден барлығы 100-ге жуық ұл-қыздар қатысуға ниет білдірген-ді. Сыр елінің намысын қорғауға Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2 бірдей оқушысы аттанды. Нәтижесінде, Алик Ахметов - жеңімпаз, ал оның сыныптасы Ақеркеш Алпысбай жұлделі 2-орынды иемденді. Ол өзінің жобасында аймақтың экологиялық жағдайын зерттеп, Байқоңыр ғарыш айлағының экономикалық маңыздылығына тоқталды. *«Байқау шарты бойынша оқушылар өздерін қызықтырған кез-келген тақырыпта ой толғады. Біздің шәкірттеріміз биология және экология бағытындағы проблемаларды зерттеп, өздерінің шығармаларымен бөлісті»* - дейді жас ғалымдардың жетекшісі **Ербол Қайнарбаев**. Оның айтуынша, бүгінде қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге өзіндік үлес қосу үшін ұтымды ой айтып жүрген оқушылар жетерлік. Тек оларға қолдау көрсету қажет.

Ал осы байқауда үздік деп танылған мақалалар «Елорда ғылыми хабаршысы» атты ғылыми журналға енгізілетін болды. Кім біледі, болашақта осындай жас жеткіншектердің идеялары инновациялық даму жолында өзіндік орнын табуы әбден мүмкін.

УЧАСТВУЙТЕ В ИНТЕРНЕТ КОНКУРСАХ!

В начале марта учащиеся 7-х и 9-х классов «Назарбаев Интеллектуальной школы химико-биологического направления» города Кызылорда принимали участие в дистанционной олимпиаде, организованной в рамках международного проекта VIDEOUROKI.NET. Через интернет ресурсы учащиеся решали интересные задания по химии и доказывали, что они — одни из лучших. Всего принять участие в образовательном конкурсе изъявили желание 13 учащихся. Многие из них получили не только сертификаты об участии, но и Дипломы 2 и 1 степени.

Хорошие результаты по химии учащиеся НИШ ХБН г.Кызылорда показали и в казахстанской интернет олимпиаде КЮ. Наравне с ребятами из Южно-Казахстанской, Жамбылской, Павлодарской и Костанайской областей, наибольшую активность проявили кызылординцы. Всего на участие в образовательном конкурсе подали заявки 7 ребят, двое из них прошли во 2 тур соревнования. Дана Сейтмамбет, учащаяся 8F класса, ответила правильно на 37 вопросов, тем самым обеспечив себе серебряную награду. Учащаяся 9F класса Динара Жаназар также показала отличный результат. Всем победителям были вручены дипломы и сертификаты. А учителя, подготовившие детей, от организаторов олимпиады получили благодарственные письма международного образца.



Ф.И.О учащегося	Класс	Наградные материалы
Алтыбай Дамира	9F	Диплом 1 степени
Ниязова Камила	9G	Диплом 2 степени
Жагыпар Руслан	9C	Диплом 2 степени
Садыкбек Айсұлтан	9C	Диплом 2 степени
Махметкожа Шахмардан	7E	Диплом 2 степени
Хван Светлана	7E	Диплом 2 степени
Пак Наталья	7E	Диплом 2 степени
Эм Светлана	9G	Сертификат
Адил Асем	9G	Сертификат
Серикбаева Айжан	9G	Сертификат
Лысенко Сымбат	9F	Сертификат
Асылбеков Батыржан	9F	Сертификат
Абдилда Аружан	9F	Сертификат

БОЛАШАҚТЫҢ ҒАЛЫМДАРЫ

«Болашаққа қадам» II республикалық ғылым фестивалі өз мәресіне жетті. Үздік зерттеулердің қатарында қызылордалық Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларының ғылыми жобалары көш бастап тұр.

«Болашаққа қадам» атты республикалық ғылым фестивалі осымен екінше мәрте ұйымдастырылып отыр. Мақсат – білім мен ғылымды ұштастыра отырып, оқушылардың зерттеушілік шығармашылықтарын арттыру болып табылады. «Бұл жолы Назарбаев зияткерлік мектептерімен қатар жалпы білім беретін білім ұяларының оқушылары да қатысуға ниет білдірген-ді. Алдымен барлық жобалар мектеп ішінде сараланып, үздіктері ғана фестивальға жіберілді. Жас ғалымдар өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды, сонымен қатар өз шығармаларын бүкіл елге таныта алды», - деп қуанышпен бөлісіп жатты өз жаңалықтарын Қызылордадағы ХББ НЗМ директорының бейінді-тәжірибелік жұмысы жөніндегі орынбасары Ділманова Зәуре Бимағанбетқызы.



Әділ – қазылардың назарына барлығы үш жүзге жуық жоба ұсынылды. Бірі экологиялық проблемаларды зерттесе, енді бірі қазақ тілі, математика, физика, химия және биология бағытындағы проблемаларға зер салды. Қызылорданың зияткерлері ғылым фестиваліне 12 жоба ұсынған болатын. Олардың алтауы

үздік деп танылып, екеуі номинация бойынша ерекшеленді. Гүлбике Батырбай химия пәнінің мұғалімі Марат Сыздықовтың жетекшілігімен синтетикалық силикофосфаттарды, сорбенттерді зерттей отырып, пайдаланған суды тазалап, қайта қолдану әдісін ұсынды. Бұл өндірісте жұмсалатын материалдарды үнемдеуге көмектеседі.

Лауреат атанған жобалардың ішінде Айзат Әбдіраманның да жұмысы бар. Жас ғалым жетекшісі Қуаныш Сәменовпен бірге тригонометриялық теңсіздікті бірлік шеңбер әдісімен шешу жолын ойлап тапты. Бұл ең бірінші теңсіздікті шешу уақытын үнемдейді, сонымен қатар жеңілдетеді.



«Күрделі эфирлерді жоғары сәулендіру жағдайында алу» тақырыбы төңірегінде қозғалған жоба да әділ-қазылар арасында ерекше талқыға түсті. Нариман Дәрікүл мен Александра Сим, бірігіп жасаған зерттеулерінде, күрделі эфирлерді зауыттарда емес, қарапайым қысқа толқынды пеште алып, органикалық затты синтездеу уақытын 60 есеге дейін азайтуға болатынын, мұндай әдіспен алынған өнімнің сапасы мен саны да көбейе түсетінін дәлелдеп көрсетті. Айта кетейік, бұл жоба химия ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың ассоциациялық профессоры Нұрбол Аппазовтың жетекшілігімен дайындалған. Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларының ғылымға деген қызығушылығының арта түсуі де осы белгілі ғалымның арқасында деуге әбден болады.

Ал Рамазан Досыбек пен Айгерім Сүлейменнің жұмыстары «Үздік

қорғау» номинациясында ерекшеленді. Барлық қатысушылар арнайы дипломдармен, сертификаттармен марапатталды. Үздік деп танылған жобалардың жетекшілері болса, алғыс хатқа иеленіп, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Алдағы уақытта бұл фестиваль дәстүрлі түрде өткізіле бермек.

ACHIEVEMENTS IN SPORTS ARENA

Students of the “Nazarbayev Intellectual School of chemistry and biology» in Kyzylorda showed and proved that they are talented. Our team won a prize in basketball on the first network sport festival amongst NIS students.

The first network sports festival amongst the NIS students was from March 24 to 26 in Shymkent city. Fifteen teams from across the country took part in the sports competition. Twenty six students from Kyzylorda went to defend the honor of our school. Some of them returned home with silver medals. Besides participating in the Basketball matches, students also had the opportunity to see the beautiful sights found in Shymkent. Students were simultaneously engaged in sport games and making friends with NIS students of other cities. The team captain Talgatova Nazgul said that she liked the sport festival and she made a lot of good friends. The most important thing is that the students got positive energy for the whole year. She has also expressed her gratitude for the opportunity to participate in such competitions.

Nevertheless, the main purpose of the event was not just making new friends and displaying their achievements in the sports arena, participants had to assert their strength in four areas - basketball, table tennis, tug of war and togzykumalak. Overall in the command offset of the 15 teams, our team took 5th place. In the individual offset, the girls' team was able to reach the finals. Leaving a small gap from their rivals they took a well-deserved second place. The coach and PE teacher of Nazarbayev Intellectual School in Kyzylorda, Janna Omarova said that the girls completed the first stage with the team from Taldykorgan and won with the score 8-0. They also won their game against the Ust-Kamenogorsk team. However it was not possible to win the host team. The coach said that the silver is an excellent achievement.

Our students excelled in table tennis, togzykumalak and tug of war. The organizers prepared prizes and gifts for the winners. The president of the country Nursultan Nazarbayev said that the future is in the hands of an educated and healthy young population. Therefore it is very important to give children a quality education. Activities to promote a healthy lifestyle will be continued.



«ТАРИХ АТА» ОЛИМПИАДАСЫ

2014 жылғы сәуір айының 11-13 жұлдызы аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан тарихы пәнінен IX республикалық «Тарих ата» олимпиадасы өтті. Олимпиаданың басты мақсаты оқушылардың туған ел тарихын танып білуге деген қызығушылықтарын, шығармашылық белсенділіктерін арттыру, тарих ғылымы бойынша зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру және өскелең ұрпақты Отан сүйгіштікке тәрбиелеу болды. Республиканың әр өңірінен бірінші қашықтық кезеңге қатысқан 5700 оқушыдан 899 оқушы оза шауып, екінші кезеңге жолдама алды. Қорытынды кезең Бұрабай өлкесінде (Ақмола облысы Щучье қаласы) орналасқан «Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында өткізілді. Олимпиадаға республиканың әр облысынан қашықтық кезеңінен ең жоғары ұпай жинаған 5-10-сыныптар аралығында 130-ге жуық оқушы жиналды.




12 сәуір күні өткен негізгі кезеңде жас тарихшылар жиырма бес сұрақтан құралған тест тапсырмаларын орындады және 8, 9 және 10-сынып оқушылары төл тарихымызға қатысты эссе жазуға отырды. Жергілікті жоғары оқу орындары мен Л. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университетінің ұстаздарынан құралған қазылар алқасы әр сынып бойынша қорытынды кезең жеңімпаздарын анықтады. Олимпиада бағдарламасы аясында қатысушыларға «Бұрабай» шипажай аймағының мәдени және тарихи жерлеріне саяхат ұйымдастырылды.

Білім бәйгесіне түсіп, өз мүмкіндігін толық пайдалана білген оқушыларымыз жоғары ұпай жинап, жүлделі орындарды иеленді. Нәтижесінде, Қызылорда қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушылары Таяр Нұрай 2-орын, Әбдрахман Меруерт және Бахвадин Ақмарал 3-орындарды жеңіп алды.

Мектебіміздің намысын қорғап, абыройын асқақтатқан оқушыларымызға жеңістерің құтты болсын дейміз. Шыңдарды бағындыруда жаңа жеңістерге жетулеріңізге тілектеспіз!

Надежда Кенбаева
тарих пәнінің мұғалімі,
жеңімпаз шәкірттердің ұстазы

«Қаламгер» жас ақындар үйірмесінің шығармашылығынан



Жас қалам

Мұқағалиға арнау

Мұқағали өр ақын, тау тұлғалы,
Әр адамға шабыт берер жырлары.
Дара туған перзенті ол халықтың,
Мәңгі өлмес мақтанышы қазақтың.

Поэзия!
Ол ақынның ғұмыры
Қуанышы, қайғысы да көңілі.
Туған елін, халқын, жерін сүйетін
Сезіледі жырларынан елдің рухы.

Бозбаланың жыры болды өлеңі
Бойжеткеннің сыры болды өлеңі.
Бұл қай ақын деп сұрасаң егер де,
Мақтанады Мұқағали деп елі.

Қазақ үшін, Алаш үшін жаралған,
Табиғаттан, жерден, судан нәр алған.
Жүрегінен жарып шыққан сөздері,
Өлең болып, шартарапқа тараған.

Өлеңдерін оқуға мен құмармын,
Қуаныштан, күлермін де жылдармын.
Мұқағалидай ақыны бар елімнің,
Қызы болып туғанымға қуандым.

Мұқағали!
Ақынсың сен тұңғыық,
Атың да бар халық берген «ақиық».
Өлеңдерің қазағымның тіліндей
Сақталарын ұрпақтарың жүр біліп.

8 «Е»-сынып оқушысы
Хамит Жанерке



Қайырбек

Қазақ халқы туралы баллада

Қазақтың кең байтақ даласы,
Алтай мен Атырау арасы,
Билейсің сен осы мекенді
Алаштың ер жүрек баласы.
Шежірең, тарихың – домбыра,
Атадан сақталған мол мұра.
Әуелеп сан күйді тартарсың,
Қолыңа бағыңды қондыра.
Бұрынғы заман жоқ жайлаған.
Адамды құлдыққа айдаған.
Пенде жоқ кешегі түк білмес
Ашпайтын тек көзді пайдадан.

Тарихың қолыңда ежелгі,
Билесің зар-заман кезеңді.
“Адамның алтыны” табылды
Аптаулы алтынмен безерлі.
Салт-дәстүр және бар атадан,
Сақталған ерекше аса мән.
Ертеде той-думан болмайтын,
Қалушы ек біз ылғи тасадан.
Бұрындар аш құрсақ жүрдік те
Сол кезде оқуды, білдік пе?
“Намазды оқыма” деп еді,
Сонысын құп алып көндік те.
Бұрынғы қазақ жоқ қараңғы,
Бәлекет ұлапты санамды.
Қазірде жайнамаз қолымда,
“Бисмиллә” оңалтар адамды.

Өтті ғой Сәкендер, Мағжандар,
Демеді артымда мал-жан бар.
Тілім деп баз кешті өмірден,
Есімін солардың қорғаңдар!
41-45 қандай сан?

Бұл жылдар бақ кеткен маңдайдан.
Әлия мен Мәншүктер мерт болды.
Келмеді көп халық майданнан.
Сәбира, Ләззатар, Қайраттар,
Өртенген жүректе қайрат бар.
Бұл жандар желтоқсан құрбаны.
Ұқтың ба емес бұл жай аттар.
Байқоңыр секілді бекініс
Жаттікі бұл да бір өкініш.
Аралым тартылды жайнаған
Қадірін ұқ, адам, өтініш.
Алтын да, мұнай да өзіңде
Шаршама, игергін, көз ілме,
Өз қамың қазақтың баласы
Арқа жай, мықты бол төзімге.
Көзіңді аш, қонақжай қазағым,
Ашылар әлі де ғажабың.
Бастысы өр рухың талмасын.
Өзіңе бұл жырды жазамын.
Мақтанам өр қазақ болғанға,
Шаттанам қазақпын бұл таңда,
Қазағым өзіңсің - берекем,
Не жетсін қазақтай болғанға!

9 «Е» сынып оқушысы
Ыбырашева Ақерке

ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРЕКЕҢ

Наурыз келсе, көктем гүлі жайнайды,
Барша халық Ұлыс тойын тойлайды.
Қазағымның дастарқаны кең жайылып,
Тайқазанда «Наурыз көже» қайнайды.

Наурыз күні теңелер күн мен түн де,
Көкте күн де күлімсірер бұл күнде.
Өкпе назды ұмытып, өткен шақтың,
Құшақтасып көріскен барлық пенде.

Алыстағы ағайынға сыбағасын сақтаған,
Жас балалар асық ойнап жүгірген.
Жеңгелердің тәтті шайы бал тамған,
Ақ сақалды атаның батасымен көгерген.

Құтты болсын, ардақты елім,
Келіп жеткен мерекең,
Арман үміт арқалаған ақ пейілің кең екен.
Ұлы елдің дәстүр, салтын ұлықтаған бұл кезде
Арта берсін бақыт, шаттық,
Ырысың мен берекең!

8 «В» сыныбы
Мырзахмет Эльвира



Елеусіз Азамат 8 «В»



Нуржаубаева Жансая 7 «Е»

Өмірдегі кереметтің барлығы ұстаздан

Мұғалімдік мамандық-бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу, педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер-ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады.

В.А. Сухомлинский

Қай кезеңде, қай дәуірде болсын адамға білім мен тәрбие беруден асқан мұрат жоқ. Ұстаз-ұрпақ тәрбиелеп өсіруші, қоғам сенген адам. Ұстаздық қызметтің қыры мен сыры мол. Сондықтан да болашақ ұстаздар өз ісінің қыр-сырын жетік игеру жолында кәсіптік сапаларды толық меңгерсе, бүгінгі қоғамымызды байытатын, дамытатын, жаңартатын адам тәрбиелеуге мол мүмкіндік ашылады.

Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – Ұстаз! Ұстаз – ұлағатты есім. Алғаш «Әліппенің» бетін ашып, әріп танытқан, өмірдің қыр-сырын білуге, құбылыстарды терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниені нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған ұстаз бейнесі көңіл төрінен орын алады. Мұғалім - баланың санасына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық рухты сіңіруші адам. Академик жазушы С. Мұқанов:

«Мұғалім-бұл адамның ардақты аты,
Білімдік - бар биікке шығар саты.
Ең алғаш басталады осы адамнан,
Сүйеді сондықтан да жақын-жаты.
Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімді,
Сыйлайды мәңгі-бақи беріп төрін», - деп жырына арқау еткен.

Егемендігімізді алып еңселі ел болып, дамыған елдермен иық теңестіре өркендеп келеміз. Бірі қызыға қараса, бірі қызғана қарайды. Ертеңгі күннің бүгінгіден нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. Демек, қай елдің өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның

ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты екені ақиқат. Осы егеменді тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі-мұғалім. Ұстаз диқан сияқты. Ол әр адамның жанына білім мен ізгілік дәнін себеді, себілген дәннің құнарлы топыраққа түсіп, өсіп-өнуі үшін бар күшін аямайды, жылуы мен жарығы жақсы болуы үшін бала жанын мейіріммен аялайды. Сол үшін бойындағы бар асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

«Ұстаз болу-жүректің батырлығы,
Ұстаз болу-сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу-мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы», - деп ақын Ғафур Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаным етемін. Ұстаздардың әсерлі үнімен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу - бұл нағыз шеберлік емес пе? Ендеше, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай құбыл-дайтын, шәкіртінің жанына нұр қайып жүретін ұстаздардың жөні бір бөлек.

Дүниеге келген соң, еліңе пайдаң тиетіндей қызмет жасау-әркімнің де арманы. Мен де сол арманның жетегінде жүрегім қалаған мұғалімдік мамандықты игердім. Ұстаз болу арман болған соң, соның биігіне шығып, бойымдағы күш-жігерімді жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсау өзім білім алған алтын ұям №32 І.Ж. Қабылов атындағы орта мектепте алғашқы ұстаздық жолға алғаш қадам басып, еңбек жолын бастаған күннен бастап менің басты міндетім болды. Мұғалім ұлт болашағын білім нәрімен сусындатады. Көздері жәудірген қаракөз балалардың әрқайсының кеудесіне адамгершіліктің дәнін егіп, білімді азамат етіп тәрбиелеу – менің де алға қойған ең басты мақсатым. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге

бейім жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педагог қалыптастыра алады. Ахмет Байтұрсынов «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» деген ғой. Мұғалім оқушының ақыл-ойына, адамгершілік, сана-сезімінің қалыптасуына көп күш-жігерін жұмсайды. Оқушының дарынын байқап, талантын танытатын ұстаз – бәрінден де ұлы. Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технология екені мәлім. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» деп ұлы Абай айтқандай, Қызылорда қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде ғылымға, жаңалыққа жаны құштар шәкірттерді тәрбиелеуде ізденіс атты жолмен жүріп келеміз. Адам бойына жақсы рухани адамгершілік қасиеттердің сіңісуі, білімді игеруі тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы» деп мұғалім еңбегінің текке кетпейтінін айтқан емес пе?

Елбасымыз: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жастардың қолында, ал жастардың тағдыры ұстаздың қолында», - деп ұстазға үлкен міндет қойып отыр. Біз осы заманғы білім беру жүйесінсіз, әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз инновациялық экономика құра алмаймыз. Қазіргі қоғамдағы ұстазға қойылар талап аз емес, оның психологиядан да хабардар болуы сөзсіз, себебі алдында отырған әр балаға өзінше бір жеке тұлға деп, әрқасысының өзіндік өз әлемі бар екендігінен хабардар болу, ол әлемнің өзіндік эмоциясы мен сезімі, көңіл-күйін сезіну оңайға соқпаса анық.

Ұстаз ұлылығын жоғалтпай, жоғары тұлғалық деңгейден көрінгені абзал. Ұлт тәрбиесіне жауапты мұғалім болса, сол еңбектің биік шыңы – ұстаз атану. Ұстаздық ету – ұлы іс.

физика пәнінің мұғалімі
Құрақбаева Айнұр Сәбитқызы

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ

Мектептің мекенжайы: Қызылорда қаласы,
Сұлтан Бейбарыс көшесі, 8.
Мектептің аты: Химия-биологиялық бағыттағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі.
Почта индексі: 120003
Электрондық пошта мекенжайы: info@kzlnis.edu.kz
Директор: Мункеева Гүлмира Бақытбековна
Қабылдау бөлмесінің телефон нөмірі: 8(7242)55-11-51.
Бас редактор: Досан Жұнусов

Адрес школы: город Кызылорда,
улица Султана Бейбарса, 8.
Название школы: Назарбаев Интеллектуальная школа
химико-биологического направления.
Почтовый индекс: 120003
Адрес электронной почты: info@kzlnis.edu.kz
Директор: Мункеева Гүлмира Бақытбековна
Номер телефона приёмной: 8(7242)55-11-51
Главный редактор: Досан Жунусов

School address: Sultan Beibarys Street, No.8,
Kyzylorda city.
School name: Nazarbayev Intellectual
School of Chemistry and Biology.
Postcode: 120003
E-mail address: info@kzlnis.edu.kz
Principal: Munkeeva Gulmira Bakytbekovna
Office phone №: 8(7242)55-11-51.
Chief editor: Dosan Zhunusov

НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ШКОЛА ХИМИКО-БИОЛОГИЧЕСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ ГОРОД КЫЗЫЛОРДА

ПРОТЯНИ РУКУ ПОМОЩИ

В Кызылорде учащиеся «Назарбаев Интеллектуальной школы» взяли под опеку детей с ограниченными возможностями.

По области на сегодня проживает свыше тысяч ребят с ограниченными возможностями. Регулярно им оказывается социальная помощь и поддержка. Сегодня начинается своя благотворительная акция по поддержке детей-инвалидов и кызылординская Назарбаев Интеллектуальная школа. Взяв под опеку 14 детей, каждый «Шанырақ» пригласил ребят на предстоящий праздник «Наурыз», который состоится 19 апреля.


Второй этап акции направлен на организацию ярмарки-продажи, где будут представлены поделки учащихся «Назарбаев Интеллектуальной школы». Вырученные средства ребята намерены потратить на покупку необходимых вещей подшефным.

Также ребята пригласили детей с ограниченными возможностями принять участие в работе кружков. Они обязались научить их делать различные куклы, сувениры и многое другое.


Как отметил президент страны Н.А. Назарбаев в своем послании народу Казахстана, очень важно помогать и оберегать тех, кто нуждается в поддержке. А история добрых дел «Назарбаев Интеллектуальной школы» на этом не заканчивается. Учащиеся и учителя будут посещать школьников, обучающихся на дому, организовывать совместные мероприятия, помогать ребятам с уроками, тем самым предоставлять возможность вести активную общественную жизнь. Ребята должны понимать, что инвалидность – это не препятствие для учебы, получения профессии и создания семьи.



«Жас суретшілер» үйірмесінің өнер туындылары (киізден жасалған)



Қайырбек Дамира 7 «F»
Болат Әсем 7 «F»



8 «С»
Бедер Фатима
Қорабаева Жұлдызай
Әбілқасым Ақбота



Мәткәрім Гүлзира 7 «B»



Көпжасар Ақмарал 7 «С»



Kyzylorda